

Г. К. ӘБДІРӘСЛОВА

## ҚОСАРЛАНУ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН СӨЗДЕР

(*Kos sөzderdіn сөзжасамдық сипаты*)

Күрделі сөздердің бір тобы – кос сөздер. Сөздерді қосарлап айту – форма өзгерту, сөз туғызуда өнімді тәсілдің бірі. Қосарлау тәсілі – лексикалық мағынасы мен компоненттерінің формасына байланысты екі сөзді қатар алу. Түркі тілінің, соның ішінде казак тілінде қос сөздердің тілімізде актив колдануында. Қос сөздер дең сөздердің қосарланып айтылуын айтамыз, бұл әрі басқа күрделі сөздерден ешқандай киындықсыз ажыратылып тұрады.

Қос сөздер күрделі сөздер ішінде кейінгі заманда пайда болған, сөздерді қосарлай қолдану нәтижесінде бұл сөздер тобы идеомаланып, лексикаланып, әрі грамматикалану процестеріне ұшырып, тілімізде күрделі сөздер болып қалыптастанып.

Мысалы: *қас-қабакқа қарау, аузы-мұрны қи-саймау* дегендер идиомалану нәтижесінде жекелеген затты емес, жалпылық мағынаны, яғни жеке компоненттер мағынасына сай келмей тұр. Ал *келген-кеткен, жаттай-тұрмай, келер-келмес-тен* секілді қос сөздер – компоненттері тіпті басқа мағынаны білдіру нәтижесінде лексикаланып, әрі делексикаланудан жасалып отырған қос сөздер. Сонымен қатар, бұл сөздер бір сөз табына жатады әрі түрленгенде тұтас түрленіп, бір сөйлем мүшесі болуы, қосымшалар тек грамматика-

лық мағына жамайтындықтан, грамматикалану процестеріне ұшыраған күрделі сөздер болып табылады.

Келесі тобы бірынғай мүшелердің логикалық, интонациялық жақтан үнемі жүпталып колдана келе, қос сөздерге ауысқан. Олар кейде басқа сөздер құрамында да қолданыла береді: *әке-шеше, қару-жарақ, іс-әрекет* т.б. компоненттері кейде сөйлемде дербес, өз алдына жеке толық мағыналы сөз ретінде де жұмысала береді.

Казіргі тілімізде қолданылып жүрген қос сөздердің сынарларының мағынасына орай екі топқа бөліп қарастырып жүр: 1) қайталама қос сөздер, 2) қосарлама қос сөздер.

Қайталама қос сөздер деңен бір сөздің не қосымшасыз, не қосымшалы түрінде немесе бір сөздің бір дыбысының не буынының фонетикалық өзгеріске түсе отырып қайталануын айтады. Олардың мына секілді морфологиялық формалары кездеседі: 1) Сөздің түбір күйінде қайталануы: *taу-tau, биік-биік, ton-ton* т.б; 2) Сөздердің қосымшалы түрде қайталанғанда екі компонентке бірдей не жұрнақ, не жалғау жалғануы мүмкін: *таудай-таудай, оқып-оқып, кунде-кунде, уштен-уштен*; сынарлы әр жұрнакты (*корікті-коріксіз*), бірінде жалғау, бірінде жалғау (*үйді-үйге*), әр сынарлы әр түрлі жалғаулы (*бостан-босқа, өзінен-өзи*);

сынары жүрнақты не жалғауы болып, келесі сынары түбір күйінде де болуы ықтимал (*он-он-нан, үш-үштен; қолма-қол, бес-бестен*) т.б. 3). Бір сынарының дыбысы өзгеріп (трансформацияланған) қос сөздерге жататындар мына секілді фонетикалық өзгешелікте болуы мүмкін. Сынарлы дауыссыздан немесе дауыстыдан басталса, келесі сынарда олар «м» не «с» дыбысына аудысады: *тас-мас, қол-мол, кемпір-семпір, мәре-сәре, ат-мат, ошақ-мошақ, ыскыра-мыскыра; бірінші сынардағы езулік дыбыс* қайта жаңғырғанда еріндікке айналады: *даң-дұң, жапыр-жұпыр, сатыр-сұтыр* т.б.

4) Енді бір топ қайталама қос сөздердің бір сынары ықшамдалып кетуі де мүмкін (кушайткіш буындар): *қап-қара, сап-сары, тін-тік, жап-жасы* т.б. Бұл буындардың түйік не бітеу болып әрі «п» дыбысына бітуі күшайткіш буын әсерінен болып отыр. Қайталама қос сөздердің және бір ерекшелігі – бүкіл сөз табынан бола алуы және сынарлық мағына тудырудың да, лексика-грамматикалық мағына тудырудың да элементтері көрініп түрады», – десе, академик Ә. Кайдар: «Қайталама қос сөздердің қандай мағына білдіріп түрғандығы сөз табына байланысты, сондай-ақ қайталама қос сөздер қосарлама қос сөздердей дербес емес, көбінесе сөйлем ынғайына қарай колданылады. Қос сөздер, жалпы алғанда, стильдік оппозицияға ие категория. Олар «негізінен, көркем шығарма стиліне тән құбылыс», – деп атап көрсетеді. Сонымен, қайталу тәсілі арқылы кей жағдайда сөзге грамматикалық мағына үстелсе, кейде грамматикалық мағынамен қатар лексика-семантикалық мағына да жасалады. Дегенмен, қайталама қос сөздердің басым көпшілігі – грамматикалық мағына тудырудың тәсілі, жолы.

Қосарлама қос сөздер қайталама қос сөздеріне көрініше компоненттері лексикалық мағынасы жағынан әртүрлі сөздерден құралады: *ата-ана, әке-шеше, жынырма-отыз, алды-арты* т.б. Қосарлама қос сөздердің бір ерекшелігі – екі сынары мағыналы болуымен қатар, бір сынары мағынасыз: *жылау-сықтау, әуре-сарсан*; екі сынары бірдей мағынасыз да болуы ықтимал: *алба-жұлба, астан-кестен, атыл-тапыл* т.б.

Қосарлама қос сөздердің компоненттері фонетикалық жағынан да ерекшелігі бар. Олар-

дың сынарлары рифм жағынан орайласып, үйлесіп отырады да дауысты дыбыстарды қайталау (ассонанс жолымен): *абысын-ажын, алды-арты, ата-ана* т.б.; немесе дауыссыз дыбыстардың қайталануы арқылы (консонанс жолымен): *тая-тас, келім-кетім, жігіт-желең* т.б., не дыбысталуы үйлес, ұқсас дыбыстардың қосарлануынан (басқа не соңғы дыбыстары): *қашқын-пышқын, отырыс-тұрыс, ығы-жығы, ентеп-септеп* т.б. жасала береді.

Сонымен қатар сынарларының буындар саны да сай келіп, бір екпінге ие болып түрады: *бас-паз, шай-қант, аш-тоқ* т.б.

Кейде буын сандары әр алуан да болуы ықтимал: *көз-басы, жата-жастана, отырыс-тұрыс* т.б. және ашық, түйік, бітеу буындардан құрала береді. Ал морфологиялық құрылымдық жағынан қосарлама қос сөздер түбірдің қосарлануынан немесе туынды түбірлердің қосарлануына жасала береді: *ас-су, бас-аяқ, етек-жесен; асықпай-саспай, малды-малсыз* т.б. Соңғы туынды қосарлама қос сөз болғанда екеуі де жүрнақты болса, *артық-кем, кем-кетік, тамыр-тана*, *боран-шашын* секілділер – бір сынары ғана жүрнақты болып келгендер. Ал *ата-аналар, алым-берімдер* т.б. бір сынары жалғаулы болып тұр.

Қосарлама қос сөздер әр сөз табынан бола береді де, сол сөз табына қатысты қеледі: *азық-түлік, дәм-тұз* – зат есім әрі сынарлары да зат есім. Сол секілді басқаларынан да жасала береді.

Компоненттері мағыналы не мағынасыз болып келетін қосарлама құрделі сөздерінің сынарларының мағыналық қатынастары әр алуан болып келеді. Мәселен, сынарлары мағыналы қосарлама қос сөздердің сынар мағыналары антонимдес: *аз-қоп, ұзын-қысқа, іши-сырты* немесе синонимдес болып келгенде компоненттер мағынасы мәндес: *мінез-құлық, жазбай-жаңылмай, ашу-ыза, дене-тұлға, осім-өнім* т.б. немесе ұштас *өкпе-бауыр, төсек-орын, өнер-білім, ыдыс-аяқ, әке-шеше* т.б. болып келе береді де жалпылау, жинақтау т.б. секілді түрлі семантикалық, стильдік қызмет атқарады.

Сынарлары мағынасыз қосарлама қос сөздер екі түрде кездеседі. 1. Екі компоненті де мағынасыз: *ығай-сығай, қиқы-жисқы, әңқі-тәңқі, далдың-дулдың, заң-зүң* т.б. не бір сынары ғана мағынасыз: *артық-тұрық, жұн-жұрқа, қойлек-көпшек, азын-шагын* т.б. болып келе береді. Дегенмен мағынасыз сынарларының кейбірінің ешқандай мағынасы жоқ болса, қайсыбірінің көмекіленген мағынасы болатыны байқалады. Мәселен,

әңкі-тәңкі, қым-құыт дегендерде екі сыңарда да ешқандай мағына жоқ болса; тү-талақай, ым-жым, үйна-түйна т.б. қос сөздердің ым-ымдау, талақай-талау, үйна-үйнау, үйналақ секілді сөздер формасында қарастыруға болады да, олардың мағыналарын анықтауға болады. Ал «ым» сөзі ым қакты деген тіркес жасай алады. Бұл секілді мағынасыз сыңарлы қос сөздер турасында А. Ысқаков мына секілді пікір айтады: «Бұл сөздер о баста мағыналы болғанымен қосарлана келе дыбыстық өзгешелікке ұшыраумен қатар, мағыналары басқа семантикаға ие болып кеткен немесе мағыналары делексикаланып (тіпті ауысып) тек осы қосарлану күйінде ғана мағынаға ие болып қалған».

Мысалы, 1. *Үлгі*: екі компоненті де мағыналы: *ата-ана, қадір-құрмет, ұлken-кіші, қүш-қайрат* т.б.

2. *Үлгі*: бір компоненті мағыналы, екінші компоненті мағынасыз: *бала-шага, қызы-қырқын,*

3. *Үлгі*: екі компоненті де мағынасыз: *ырду-дырду, ығы-жығы* Бұлар бір-бірімен салаласа байланысып, тұтасып барып бір ұғымды білдіреді.

Жоғарыда келтірілген 2, 3 үлгіні сөз тудыру тәсілі деп карауға болмайды. Мұнда үстеме форма тудырудың тәсілі болса, қайталанатын сынарының бір дыбысы өзгеріп барып жасалатын сөздерде де жаңа мағына байқалмайды. *Бала-шага, қызы-қырқын, ырду-дырду, ығы-жығы* дегендерде баладан, қыздан бөлек еш жаңа мағына жоқ, тек контекске қарай кейде комсыну, жалпылау мәнінде қолданылады.

Қосарлама қос сөздер компоненттерінің мағыналық ерекшеліктеріне қарай сөздердің қосарлануынан жасалған сөздердің сөзжасамдық мағынасы:

— екі компоненті бір-біріне антоним (қайшы-мәндес) ретінде: *ата-ана, ұлken-кіші, кіріп-шығу, жүріс-тұрыс, қуаныш-қайғы, ақ-қара, күндіз-тұні* т.б.

— синоним (мәндес) ретінде: *қадір-құрмет, киім-кешек, ас-су, қаз-үрек, мінез-құлыш, тәлім-тәрбие, аты-жөні, аман-есен* т.б.

— бір компоненті диалектілік көнерген сөздер: *сауыт-сайман*, — бір компоненті екіншісінің қызметтік айқындау: *бесік-арба, ақнапар-кітапша* т.б.

— мағыналары сыйбайлас (коррелятивес) сөздер: *қас-қабак, бау-бақша, нағашы-жиен, күл-қоқыс, сезіп-біліп, бес-алты, жылы-жұмсақ* т.б.

болып келеді. Келтірілген мысалдардан қосарлану арқылы түрлі грамматикалық мағыналар (жалпылау, жинақтау, топтау, нақтылау, саралау т.б.) үстелумен қатар, сөздіктің реестрлік қатарын құрайтын жаңа мағыналы лексикалық бірліктер жасалған.

Аналитикалық жолмен жасалған қос сөздерді түгелдей жаңа туындылар деп қарастыру – даулы мәселе. Қайталу арқылы жасалған сөздер мен қосарлана арқылы жасалған сөздердің лексика-грамматикалық сипаты, қайталу мен қосарлаудың сөз тудырудың орны бірдей емес. Қайталу арқылы жасалған сөздердің семантикасының жеке түрғандағы мағынасынан алшактап кетпейтінін, тек көптік, жинақтық, саралау, процестің қайталануы, болжалдық секілді грамматикалық мағыналар үстейтінін, демек қайталу сөз тудырудың емес, грамматикалық мағына жасаудың тәсілі. Ал қосарлана нәтижесінде түрлі грамматикалық мағыналар үстеліп, тілде жиі қолданылу барысында номинациялық атаулар түгизудың шарты болады.

Сонымен тіліміздегі қос сөздер мағыналық, тұлғалық, құрылымдық жағынан күрделі сөздерден де, сөз тіркестерінен де бөлек, соған сай жазылуы да ерекше, сөз байлығымыздың мол қабатын қамтитын тілдік бірліктер.

#### ӘДЕБИЕТ

1. Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. Алматы, 1989.
2. *Исаев С.М.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. Алматы, 1996.
3. *Кайдаров А.Т.* Развитие современного уйгурского литературного языка. М., 1969.
4. Қазақ грамматикасы. Астана, 2002.
5. *Оралбай Н.* Қазақ тілінің сөзжасамы. Алматы, 2002.
6. *Отарбекова Ж.К.* Қазіргі қазақ тіліндегі сөзжасамның жалпы мәселелері мен сөзжасамдық тәсілдер жайында. Алматы, 2001.

#### Резюме

Парные слова чаще встречаются в казахском языке и имеют различные стилистические функции, особенности образования, также являются одними из продуктивных способов словообразования.

#### Summary

Conjugate combination of words are often met in Kazakh language and have different stylistic functions, especially in formation. Word combination is considered to be one of the most productive.